

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың  
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 725 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2003 жылғы 17 наурыздағы N 02/10 келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатура мен санда Өзбекстан Республикасының Геология және минералдық ресурстар жөніндегі мемлекеттік комитетіне (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) "Сибвзрывкомплект" жабық акционерлік қоғамы (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

N

7 2 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**2003 жылғы 17 наурыздағы N 02/10 келісім-шарт  
бойынша Өзбекстан Республикасының Геология  
және минералдық ресурстар жөніндегі мемлекеттік  
комитетіне (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы)  
"Сибвзрывкомплект" жабық акционерлік қоғамы**

**(Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) беретін  
жарылғыш материалдардың номенклатурасы мен саны**

Р/с  N	Жарылғыш   материалдың   атауы	СЭҚ ТН   коды	Өлшем   бірлігі	Саны	Бірлік   бағасы   АҚШ	Құны   АҚШ   долларымен   долларымен
1	Аммонит 6ЖВд.32	360200000	тн	60,0	800,0	48000,0
2	Аммонит  МЕМСТ 3470-80 Ж и ы н ы	360200000	тн 2 0	30,0	790,0 П Ж В	23700,0   7 1 7 0 0 , 0

Жөнелту пункті: Черкасов Камень стансасы (Ресей Федерациясы).

Белгіленген пункті: Янги-Заравшан, Аблык, Яккабаг стансалары (Өзбекстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Локоть стансасы (Ресей Федерациясы) - Шеңгелді стансасы (Қазақстан Республикасы).